

**8D02301 – «Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша доктор
(PhD) дәрежесін алуға ұсынылған Испандиярова Айнур
Тюлюгеновнаның «Қазақ халық лирикасының лингвофольклортанулық
аспектісі» атты тақырыбындағы диссертациясына**

АНДАТПА

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Қазақ халқының бай мәдени мұрасы – ұлт руханияты мен дүниетанымының айнасы. Соның ішінде халық поэзиясы – ғасырлар бойы сұрыпталып, ұлттық зерденің, ұжымдық жадтың, тарихи тәжірибе мен философиялық пайымның көрінісін сақтап келген көркемдік құбылыс. Қара өлең, тарихи өлең және ән өлеңдер – осы халық поэзиясының дәстүрлі формалары ретінде ұлттық болмыстың, рухани құндылықтардың, дүниетаным мен ойлау жүйесінің көркемдік бейнелену арнасы саналады. Қазақ әдебиетіндегі ең көне ескерткіштердің бірі – қара өлеңдер. Қара өлең қоғамда ақпаратты сақтаудың және таратудың ең ыңғайлы әрі сенімді тәсілі болды. Қара өлең өнері – ерекше құбылыс ретінде бүкіл қоғам үшін айрықша мәнге ие болды. Ақын – халықтың дәстүрі мен тарихи жадының сақтаушысы, ел мүддесін қорғаушы және насихаттаушы ретінде танылды. Бірінші тарауда қазақ халық лирикасының жанрлық сипаты, қоғамда ақпарат таратушылық қызметі, көркемдік-эстетикалық ерекшелігі, поэтикалық көркем бейнелер талданады. Екінші тарауда қазақ халық лирикасының – қазақ тіл білімінің лингво-когнитивтік кеңістігіндегі функциясы қарастырылады.

Қазіргі таңда тіл білімінде адамның танымдық әрекетін, тіл арқылы әлемді танып-білу үрдісін, ментальды модельдерді зерттейтін когнитивтік лингвистика бағыты кеңінен дамып келеді. Бұл бағыт тілді тек коммуникация құралы ғана емес, ойлау жүйесінің, ұлттық сана мен мәдени кодтардың көрінісі ретінде қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда, қара өлең, тарихи өлең және ән өлеңдердегі тілдік бірліктер мен көркемдік құрылымдарды зерттеу – қазақ халқының когнитивтік санасын, дүниетанымын және мәдени жадын зерделеудің тиімді жолы. Бұл аспектіде жүргізілетін зерттеулер ұлттық болмысты терең түсінуге, тіл мен мәдениеттің сабақтастығын нақты дәлелдермен негіздеуге мүмкіндік береді.

Қазақ халық лирикасы өз бастауын тым ертедегі түркі тектес халықтар бірлестігі, Алтын Орда, Ноғайлы кезеңі, Қазақ хандығының құрылуы, қалыптасуы жайындағы халық басына түскен аласапыран оқиғалардан алады. Сол тарихтың сыр-сипатын, шынайы болмыс-бітімін ашу тарихшы, әдебиетші қауымға оңай тимегені рас. Ал XX ғасырдағы Кеңес үкіметінің идеологиясы, партияның пәрменшіл саясаты рухани құндылықтарды терең тануға түрлі қаулы-қарарлар тасқынымен тосқауылдар жасап, таптық тұрғыдан қатаң қараудың нәтижесінде тұралатып келді. Шағын өлеңдер түгіл, кең көлемді эпикалық жырлардың өзі көзден таса, халық назарынан бүркемеленіп мұрағаттарда, кейбір үлгілері аңыз болып ел аузында ғана сақталып қалды.

Лирикадан белгілі бір қоғамның әлеуметтік сыр-сипаты танылып, сол дәуірде өмір кешкен адамдардың көңіл-күйі, сыры аңғарылады да, өлеңді айтушы өзі өмір сүріп отырған дәуірінің әлеуметтік жайын, саяси - идеологиялық мақсат-мұратын өз атынан сырлы әуен-сазымен жеткізеді, яғни өз көзқарасы, ішкі көңіл-күйін, сырын білдіреді. Сөйтіп, ол заманына, өз дәуірінің идеологиясына үн қосады. Соның жырын жырлайды. Халық лирикасы бүкіл халықтың эстетикалық құралы болып табылады. Дәстүрлі лирикалық өлеңдердің өміршендігі, олардың халықпен бірге өмір сүріп, әрбір тарихи кезеңдегі идеялық-эстетикалық қажеттілік негізінде халықтың өмірі мен санасына байланысты байқалмай, өзгеріп отыратындығымен түсіндіріледі.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Бүгінде ұлттық болмысты тану мәселесі, тіл мен мәдениеттің арақатынасы, фольклорлық мұралардың қазіргі қоғамдағы қызметі өзекті ғылыми мәселелердің біріне айналып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, қара өлең, тарихи өлең және ән өлеңдердің лингвофольклортанулық аспектісін зерделеу – бұл кешенді талдау, этномәдени кодты ашу, халықтық дүниетанымның құрылымын жүйелеу, ұлттық когницияны сипаттау тұрғысынан маңызды. Халық лирикасы, оның ішінде қара өлең, табиғаты жағынан көркем өнердің синтезді түріне жатады. Сондықтан әдеби мұраны филология және әдебиеттану салалары бойынша кешенді зерттеу мен теориялық тұрғыдан негіздеуді талап етеді.

Бұл зерттеу қазақ тіл білімінде жаңадан дамып келе жатқан когнитивтік бағытқа үлес қосып, дәстүрлі поэзияны жаңа ғылыми парадигмада пайымдауға жол ашады.

Лингвофольклортанулық зерттеу – фольклорлық мәтіндердің тілдік құрылымын, поэтикалық тілін, образдылығын және ұлттық таныммен сабақтастығын саралау арқылы мәдени кодтарды тануға жол ашады. Қазақ халық лирикасындағы тілдік бірліктер халықтың дүниетанымымен, әдет-ғұрып, салт-сана жүйесімен тығыз байланыста қалыптасқан. Қара өлең, тарихи өлең және ән өлеңдерді лингвофольклортанулық аспектіде зерттеу – ұлттық тіл мен мәдениеттің өзара байланысын айқындайтын, поэтикалық мәтіндердің когнитивтік табиғатын ашатын, қазақ ұлтының рухани әлемін терең танытатын өзекті ғылыми мәселе. Бұл тақырыптың өзектілігі оның қазіргі когнитивтік лингвистика мен әдебиеттану, фольклористика, мәдениеттану ғылымдарының тоғысындағы жаңашыл бағыттармен үндесуінде, ұлттық дүниетанымды танудағы практикалық маңыздылығында жатыр.

Зерттеу жұмысымызда қазақ халық лирикасындағы метафизикалық, эмоционалды, ұлттық-мәдени, контраст концептілердің құрылымын талдап, әртүрлі тілдік құралдармен көркем эстетикалық деңгейде вербалдануын қарастырдық. Өйткені, халық лирикасында фольклорлық шығармалардың негізін құрайтын мәңгілік тақырыптар (өмір, адамның қуанышы мен қайғысын

айқындайтын бақыт, махаббат, дала) жарқырай көрінеді. Қазақ халық лирикасында бұл концептілер халықтың өмір тәжірибесін, салт-дәстүрін, болмысын тереңнен көрсеткен. Бұл арқылы тұлғалық және ұжымдық санада дүние бейнесінің таңбалану ерекшелігі мен тілдік көрінісі ажыратылған. Қазақ халық лирикасының лингофольклортанулық аспектісін алғаш рет ғылыми негізде зерттеу жұмысымыздың өзектілігін танытады.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негізі. Зерттеуді жазу барысында Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынұлы, А.И. Левшин, Т.А. Сейдалин, Г.Н. Потанин, С.А. Жантөрин, В.В. Радлов, Ә. Диваев, Х.Досмұхамедұлы, С.Сейфуллин, М.Әуезов, Л.Соболев, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев, Ә.Тәжібаев, А.Сейдімбек, С.Қасқабасов, Б.Уақатов, Б.Әбілқасымов, Ш.Ыбыраев, К.Матыжанов, З.Сейтжанұлы, Б.С.Рақымов, С.Сәкенов, О.Асқар, В.П.Аникин, Ю.Г.Круглов, Г.Болатова, В. фон Гумбольдт, А.А. Потебня, И.Хомский, В.Маслова, А. Вежбицкая, Е.С.Кубрякова, Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Н.Уәлиев, Ж.Манкеева, Э.Оразалинова, Қ.Жаманбаева, Б.Тілеубердиев, Г.Гиздатов, Г.Смағұлова, Т.Күштаева, Б.Нұрдәулетова, т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектері басшылыққа алынды.

Жұмысты орындау барысында пәнаралық іргелі зерттеулерге, әдебиет тарихы мен теориясы, әдебиет және фольклор, когнитивтік лингвистика мен тіл білімі байланысын білдіретін көзқарастарға, ғылыми ізденістерге, отандық және шетелдік еңбектерге, ұжымдық монографияларға, зерттеулерге сүйендік.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Қазақ фольклорындағы халық лирикасын, қара өлең, тарихи өлеңдердің поэтикалық ерекшелігін және солардың концептосферасын, түрлі концептілердің тілдік таңбаларын айқындау.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

- жұмысқа негіз болатын теориялық, әдістемелік қағидаларды айқындау және зерттеу барысында сүйенген теориялық тұжырымдарын негіздеу;
- қазақ халық лирикасының жанрлық табиғатын саралау;
- қазақ халық лирикасындағы қара өлеңдердің, тарихи өлеңдердің поэтикалық құрылымын талдау;
- қазақ халық лирикасындағы негізгі поэтикалық көріктеуіш құралдардың қызметін көрсету;
- қазақ халық лирикасындағы концептілерді айқындап, бейнелейтін негізгі бейне-символдарды сипаттау;
- қазақ халық лирикасында көрініс тапқан «өмір», «өлең», «махаббат» метафизикалық концептілерді құрайтын тілдік таңбалар мен бірліктерді айқындау;
- ақиқат дүние бейнесін танытатын «дала», «туыстық» «батыр» концептілерінің тілдік құралдар арқылы берілу жолдарын анықтау;
- қазақ халық лирикасындағы «бақыт» концептісінің танымдық сипатын зерттеу;

- қазақ халық лирикасындағы «жақсы мен жаман» концептісінің мәнін ашу үшін контрасты талдау жүргізу.

Зерттеу нысаны қазақ халық лирикасы және оның тілі

Зерттеу пәні. Қазақ халық лирикасының поэтикасы, концептосферасы, тілдік дүниетанымы көріністері, тілдік бірліктердің, образды-стильдік тәсілдердің, тұрақты тіркестердің, концептілік құрылымдардың фольклорға тән поэтикалық жүйеде қолданылу ерекшеліктерін лингвистикалық және фольклортанулық тұрғыда кешенді зерттеу.

Зерттеу жұмысының негізгі дереккөздері. Диссертациялық жұмыста қазақ халық лирикасының поэтикасы, концептосферасы, концептілерді құрайтын тілдік таңбалар мен бірліктер талданды. Зерттеу тақырыбы бойынша қазақстандық, жақын және алыс шетел ғалымдарының теориялық еңбектері, Бабалар сөзі еңбегіне енген қара өлең, тарихи өлеңдер, ән өлеңдер жинақтары негізге алынды.

Зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысты жазу барысында салыстырмалы талдау, сипаттама, концептілік талдау, жинақтау және оны түсіндіру, бақылау, қорыту әдістері қолданылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- қазақ фольклорында қара өлең, тарихи өлең жанрының поэтикасы тақырыптық, құрылымдық-композициялық тұрғыдан кешенді түрде қарастырылды;

- отандық фольклористикада қара өлең, тарихи өлең, ән өлеңдердегі образдылық, концептосфера назарға алынды;

- концептілік құрылымдардың фольклорлық мәтіндегі түрлерінің вербалдануы және әртүрлі тілдік құралдар арқылы эстетикалық мақсатқа бағынған ерекшеліктері анықталды;

- зерттеу жұмысында концепт ұғымы кешенді құрылым деп танылып, оның қазақ халық лирикасы мәтініндегі лингвокогнитивтік ерекшеліктері көрсетілді;

- қара өлеңдер, тарихи өлеңдер, ән өлеңдердегі метафизикалық концептілердің құрылымдық жүйесінің тілдік бейнесі жан-жақты қарастырылып, жинақталған фреймдік құрылыстар халық лирикасының халықтық тәжірибе арқылы қалыптасқандығын, негізінен мазмұндық жағынан қоғамдық қызмет атқарушы екендігін дәлелдеуге септігін тигізді;

- «туыстық», «дала» концептілері қазақтың ұлттық болмысын, сипатын, мінезін, менталитетін, бейнесін танытқан.

- ақиқат дүние бейнесін танытатын «өлең» концептісінің тілдік құралдарының мәнінің ашылуы тақырыптың өзектілігін айқындады.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы.

Жұмыста ұсынылған тұжырымдар мен пайымдаулар, алынған нәтижелер қазақ халық ауыз әдебиеті, қазақ тіл біліміндегі когнитивтік зерттеудің ғылыми-теориялық ұстанымдарын айқындауға үлесін қосады. Диссертацияда

ұсынылған ғылыми тұжырымдар фольклортану, когнитивтік лингвистика, стилистика және тіл мәдениеті салалары бойынша ізденістерге ғылыми-теориялық негіз бола алады.

Зерттеудің практикалық мәні.

Зерттеу барысында қол жеткізілген нәтижелер мен тұжырымдар, талдау жасалған тілдік деректер мен үлгі-модельдер поэзиялық шығармаға стилистикалық-лингвистикалық талдау жүргізу барысында қазақ халқының фольклорлық шығармаларына арналған арнаулы курстарды оқыту барысында пайдалануға болады. Сондай-ақ жоғары оқу орындарында «Әдебиет теориясы», «Қазақ халық ауыз әдебиеті», «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау», «Когнитивтік лингвистика», «Стилистика және тіл мәдениеті» пәндерінде тәжірибелік сабақтарда білім алушылармен жүргізілетін өздік жұмыстарда қолдануға болады. Зерттеудің ғылыми пәндердің дамуына және жаңа пәнаралық зерттеулер жүргізуге ықпал ету мүмкіндігіне ие.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

- қара өлең, тарихи өлең және ән өлеңдер – қазақ халқының дүниетанымы мен тарихи жадын бейнелейтін когнитивтік құрылымдарға бай поэтикалық мәтіндер;

- қазақ халық лирикасында кездесетін концептілер – ұлттық болмыстың, таным мен эмоцияның тілдік репрезентациясы;

- қазақ халық лирикасындағы көріктеуіш құралдардың (эпитет, метафора, гипербола т.б.) жүйесі халықтың ментальдық кеңістігін танытады;

- фольклорлық мәтіндердегі когнитивтік модельдер ұлттың рухани-мәдени кодтарын сақтайды және ұрпаққа жеткізеді;

- лингвофольклортанулық тәсіл – халық мұрасын танудағы заманауи әрі нәтижелі бағыт;

- қара өлең, тарихи өлең және ән өлеңдерді лингвофольклортанулық аспектіде зерттеу – халықтың көркемдік әлемін, тілдік бейнесін, тарихи танымын, ұлттық құндылықтарын терең түсінудің ғылыми негізі.

Жұмыстың болжамы. Қазақ халық лирикасы – ұлттық тілді сақтаушы негізгі фольклорлық қабаттардың бірі. Лирикалық шығармаларда қолданылған көркемдік құралдар, поэтикалық формулалар, архетиптік бейнелер мен дәстүрлі тілдік модельдер арқылы қазақтың тілдік санасы мен көркемдік коды көрініс табады. Осы элементтерді тілдік-жанрлық және қазақ лирикасының танымын бейнелейтін көркемдік эстетикалық қырлар тұрғыдан талдау қазақ тілінің фольклорлық табиғатын ашуға мүмкіндік береді.

Лирикалық мәтіндердегі тілдік концептілер – қазақ халқының этномәдени менталитетінің бейнесі. Мысалы, «дала», «ауыл», «бақыт», «өлең» секілді концептілер лирикалық жырларда тек жеке лексемалар ретінде емес, фольклорлық символиканың элементі ретінде жұмсалып, метафоралық және ассоциативтік деңгейде ұлттық дүниетанымды танытады. Бұл концептілерді

когнитивтік лингвистика тұрғысынан саралау арқылы ұлттық санада орныққан эмоционалдық когнитивтік үлгілерді анықтауға болады.

Қазақ халық лирикасын зерттеуде фольклортану мен когнитивтік лингвистиканы ұштастыру қажет. Осы бағыттардың әдістерін кешенді қолдану арқылы лирикалық мәтіндердегі танымдық ақпарат, эмоционалдық реңк, ұлттық сана мен бағалау жүйелері тереңірек ашылады. Бұл тәсіл лириканың тек эстетикалық құндылығын ғана емес, оның рухани-мәдени, танымдық маңызын да айқындауға көмектеседі.

Ғылыми нәтижелердің сенімділік дәрежесі.

Алынған мәліметтердің дұрыстығы жүргізілген зерттеулердің жеткілікті көлемімен, зерттеудің заманауи әдістерін қолданумен анықталады. Алынған жұмыстардың нәтижелері ғылыми конференцияларда бірнеше рет баяндалды, ғылыми семинарларда талқыланды. Нәтижелер жоғары рейтингі бар бейінді журналдарда жарияланды, мұның бәрі алынған нәтижелердің дұрыстығы мен негізділігін көрсетеді.

Зерттеудің жарияланымы мен мақұлдануы.

Зерттеу бойынша 12 мақала жарияланды. Оның ішінде 8 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғарғы саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ұсынылған басылымдарында жарық көрген еңбектер:

1.«Бала» концептісінің тілдік көрінісі». Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы. 2020 ж. № 2 (72). - 256-263 б.

2.«Қара өлеңдердегі «Өмір» концептісінің фреймдік қолданысы». Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы. 2022 ж. № 1 (64).- 108-117 б.

3.«Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларының танымдық сипаты». Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы. 2022 ж. № 2 (65). - 63-73 б.

4.«Қазақ лирикасындағы «Бақыт» концептісі». Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы. 2023 ж. № 1 (68), 103-114 б.

5.«Қазақ фольклорындағы лақап есімдер». М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Керуен» ғылыми журналы №3, 80 том, 2023. – 17-28 б.

6.«The concept “Woman” in Kazakh folk lyrics». Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы, №1 2024, 133-143 б.

7.«Frame applications of the concept «steppe» in Kazakh folk lyrics». Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы. 2024 ж. № 2 (73). - 103-112 б.

8.«Қазақ халық лирикасындағы когнитивті метафораның семантикалық сипаты» Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы. №4 2024, 121-130 б.

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың жинақтарында жарияланған еңбектер:

1.«Бозжігіт жырының жанрлық ерекшеліктері». «Ыбырай Алтынсариннің тәрбиелік ой-пікірлерінің қазіргі білім беру жағдайына үндестігі мен сабақтастығы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Қостанай өңірлік университеті. «Байтұрсынов оқулары – 2021», - Қостанай, 2021 ж.-52-54 б

2.«Қазақ халық лирикасындағы «Батыр» концептісінің танымдық сипаты». «Қазақстанның жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасы – адами капитал мен инновациялардың өсуінің негізі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Қостанай өңірлік университеті. «Байтұрсынов оқулары – 2024», - Қостанай, 2024. – 161-164 б.

3.«Қазақ халық лирикасындағы өлең концептісінің танымдық сипаты». «Қазақ тілі коммуникативтік мәдени жүйеде: теориясы мен практикасы» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2025 ж.-385-390 б.

4.«Қазақ халық лирикасында әсірелеудің құрылымдық-мағыналық түрлері». «Жасанды интеллект және ғылымның болашағы: пәнаралық тәсілдер мен технологиялар» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Қостанай өңірлік университеті. «Байтұрсынов оқулары – 2025», - Қостанай, 2025 ж. 235-238 б.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертация жұмысы кіріспеден, іштей тарауларға бөлінген екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Ғылыми кеңесші:

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті филология және практикалық лингвистика кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор



Әбсадық А.А.

